

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
ТАЛДЫҚОРҒАН АГРО-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ



«БЕКІТЕМІН»

Колледж директорының  
уақытша міндетін атқарушы

А.Р.Жуманбаев

«\_\_\_\_\_» 2021ж.

КОЛЛЕДЖДІҢ 2021–2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Колледж психологы :

Г.Б.Найманбаева

- 1) өзінің кәсіби құзыреттілігі және біліктілік талаптары шеңберінде шешім қабылдайды;
- 2) диагностикалық, дамытушылық, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық түзету және консультативтік-профилактикалық жұмыстардың ғылыми-негізделген әдістемелерін қолданады;
- 3) белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық тренинг байланыс әдістерін, жеке және топтық консультациялар берудің, білім алушылардың қалыпты дамуының диагностикасы мен түзетудің заманауи әдістерін қолданады;
- 4) барлық оқу кезеңінде білім алушының жеке-психологиялық ерекшеліктерінің психологиялық диагностикасын жоспарлайды;
- 5) білім алушылардың тұлғалық қалыптасуындағы және дамуындағы ақаулықты анықтайды;
- 6) білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға жеке, кәсіптік және басқа да мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсетеді;
- 7) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын педагогтерге, білім алушыларға психологиялық көмек және қолдау көрсетуді жүзеге асырады;
- 8) білім алушылардың бейәлеуметтік әрекеттерінің алдын алады және оларды уақытылы түзетуді жүзеге асырады;
- 9) өзінің кәсіптік құзыреттілігін және біліктілігін арттырады;
- 10) білім беру ұйымдарында әлеуметтік саласын үйлестіруді қалыптастыру және әлеуметтік бейімсіздіктің туындауының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;
- 11) зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды;
- 12) дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады;
- 13) білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) арасында психологиялық мәдениетті қалыптастырады;
- 14) балалар, білім алушылар, ата-аналар және педагогтармен психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік жұмыстардың нысандары мен әдістерін таңдайды;

## 2021 – 2022 оқу жылына арналған психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары

**Келелі мәселе:** өмірге әлеуметтік-психологиялық көзқарасы қалыптасқан, өзінің эмоциясы мен сезімдерін басқара алатын, психикалық денсаулығы мықты, рухани бай, кіші буынды медицина қызметкерлерін жетілдіру.

**Мақсаты:** білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

### Міндеттері:

- 1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуы жағдайында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- 3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) білім беру үдерісі қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

### Күтілетін нәтиже:

- әрбір білімгер өзінің жеке тұлғасы мен ұнамды кескінін тануы
- тұлғаның мінез-құлқының мүмкіндіктерін ашу;
- әрбір білімгердің алдына қойған мақсатына жетуі;
- топтағы жағымды психологиялық хал-ахуалдың орнауы;
- жекелеген ауытқушылықтардың анықталуы;
- психикалық дені сау, бәсекеге қабілетті маман.

## Психологиялық қызмет

психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырады

### 1. Психодиагностикалық бағыттар:

- 1) білім алушыларды психологиялық диагностикалау;
- 2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;
- 3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;
- 4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындауды қамтиды.

### 2. Консультациялық бағыттар:

- 1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;
- 2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу;
- 3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзеліс жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- 4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтиды.

### 3. Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

- 1) білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- 2) білім алушылардың бейәлеуметтік психологиялық әрекеттің алдын алу;
- 3) педагогтерді аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық қолдау;
- 4) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумдарының жұмысына ықпал етуді қамтиды.

### 4. Түзету-дамытушылық бағыттар:

- 1) жеке тұлғалық өсуге тренингтер өткізу;
- 2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, зияткерлік, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- 3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді қамтиды.

### 5. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

- 1) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға және тағы басқаларға) аралас-мамандармен жүзеге асыру;
- 2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы дерекқорын қалыптастыру;
- 3) аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара іс-қимыл нәтижелерінің мониторингін жүргізуді қамтиды.

Психологиялық қызметтің 2021 – 2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Мақсаты	Әдісі	Топ	Мерзімі	Жауаптылар
1	<b>Диагностикалық жұмыстар.</b> <i>Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшеліктеріндегі таным процестерінің дамуын зерттеу.</i>					
1.	Студенттердің контингентіне талдау жасау, құрамын анықтау	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттерді анықтау	Студенттердің есептік санын қалыптастыру қашықтықтан	1-4 курс	қыркүйек	Педагог-психолог Топ жетекшілері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.	«Ағаш үстіндегі адамдар» әдістемесі	Студенттердің эмоциялық қабілетін анықтау	Тест	3-4 курс	қараша	Педагог-психолог
3.	«Мен және менің ортам»	Қоршаған орта мен қарым-қатынасын қабылдауы	Өз ортасы туралы қысқаша шығарма	2 курс	наурыз	Педагог-психолог
1.2	<b>Жаңадан оқуға қабылданған білімгерлердің бейімделуін диагностикалау</b>					
1.	Жаңадан келген студенттерге ұйымдастырушылық жиын	Карантинге байланысты ережелермен таныстыру	Әңгіме-кеңес	1 курс	Қыркүйек	Педагог-психолог Колледж әкімшілігі
2.	Білімгердің жеке картасын құру	Автобиографиялық әдіс		1-курс	қыркүйек	Педагог-психолог топ жетекшілері
3.	«Айзенк» тест	Студенттердің темпераментін анықтау	Тест	1 курс	қазан	Педагог-психолог топ жетекшілері

4.	Өзін-өзі бағалау тесті	Студенттердің сенімділігін анықтау	Тест	1 курс	казан	Педагог-психолог топ жетекшілері
5.	«Отбасы» сурет әдістемесі	Отбасы жағдайын анықтау	Тест, Әңгіме-кеңес	1-4 курс	Жыл бойы	Педагог-психолог топ жетекшілері
II	<b>Психологиялық жеке дара және топтық кеңес беру жұмыстары</b> <i>Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысты мәселелерді шешуге көмек көрсету</i>					
2.1	1-4 курс ата-аналарына, топ жетекшісіне кеңес беру	Білімгерлердің қашықтықтан білім алуына кедергілерді жою	Видеоролик Презентация	Педагог-психолог Ата-ана Топ жетекші	Қыркүйек	Педагог-психолог
2.2	Жас мұғалімдерге көмек беру	Бейімделуге көмек беру	Әңгіме, сұхбат	Пед ұжым	Қараша	Педагог-психолог
2.3	Өмірлік қиын жағдайға тап болған білімгерлерге кеңес беру	Психологиялық қолдау көрсету	Жеке кеңес беру «Сенім телефоны»	1-4 курс Ата-аналар	Сұраныс бойынша	Педагог-психолог
2.4	Педагогтардың эмоционалды күйінің алдын алу	Жас мамандарға психологиялық көмек беру	Әңгіме, сұхбат	пед ұжым	Қазан-қараша	Педагог-психолог
III	<b>Психопрофилактикалық жұмыстар</b> <i>Мақсаты: оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу</i>					
3.1	Аз қамтылған, тәрбиеге қиындық келтіретін ерекше назардағы студенттермен жұмыс	Оқуға дайындығын, көңіл-күйін, әлеуметтік жағдайын анықтау	Әр баламен жеке жұмыс	1-4 курс	Ай сайын	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3.2	Мінез адам айнасы	Адамның мінез-құлықтары туралы түсінік қалыптету	Тест	1-4 курс	қараша	Педагог-психолог топ жетекшілері
3.3	«Психологиялық денсаулықты сақтау	Колледж ұстаздарына	Тренинг	Педагогикалық ұжым	Үнемі	Педагог-Психолог

	бойынша мұғалімдерге арналған жалынама»	психологиялық қолдау көрсету				
IV.	<b>Психотүзету жұмыстары</b>					
	<i>Мақсаты: оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті, білімділікті дамыту</i>					
1.	<b>Тәуекел топ білімгерлерімен жұмыс</b>					
1.1	«Ерекше көңіл аударатын» студенттерді және отбасын, әлеуметтік жағдайын бақылау	Құқық бұзушылықтың алдын алу	Әлеуметтік желілер арқылы	1-4 курс	Қажеттілігі не қарай	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
1.2	Өзіңе сенімді болу қандай тамаша	тренинг	Тренинг	1-4 курс	желтоқсан	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
2.	<b>Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс</b>					
2.1	Топ жетекшілер және педагог-психологімен кеңесе отырып ата-ананың қамқорлығынсыз қалған студенттер (өте ерекше) тізімін алу	Студенттердің ерекшеліктерін анықтау	Кеңес	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған студенттер	Қыркүйек	Педагог-психолог топ жетекшілері
2.2	Көңіл-күйлерін бақылау жұмысы	Бақылау	Бақылау әдісі	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған студенттер	Қажеттілігі не қарай	Педагог-психолог
2.3	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған студенттер студенттерді мерекелік іс-шараларға қатыстыру	Әлеуметтік желілер арқылы	Жыл бойы	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған студенттер	Қажеттілігі не қарай	Педагог-психолог топ жетекшілері

3.	Суицидтің (өзіне-өзі қол жұмсаудың) алдын-алу жоспары					
3.1	«Адам өміріндегі стресс»	Стресспен күресудің түрлері туралы ақпараттандыру	Тест	1-4 курс	Қараша	Педагог-психолог
3.2	«Өмірде жоқ жануар» проективті әдісі	Проективті тест	Проективті тест	Қауіпті топ білімгерлері	Уақытында	Педагог-психолог
3.3	«Мен тандаған өмір»	Видеоролик	Студенттермен видеоролик дайындау	1-4 курс	желтоқсан	Педагог-психолог топ белсенділері
3.4	«Ата-аналармен жанжалдарды шешу әдістері»	Жанжалдан шығу жолдарына кеңес	Кеңес	1-4 курс	қаңтар	Педагог-психолог топ жетекшілері
3.5	«Өмір өзіммен ғажап, әлем менімен әдемі» онлайн тренинг	Өмірді сүюге үйрету, оның әрбір сәтін қадірлеуді түсіндіру	Тренинг	1-4 курс	наурыз	Педагог-психолог
4.	Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шара жоспары					
4.1	I және II курс студенттерінің арасында құқықтық білім күнін өткізуді ұйымдастыру	Құқық бұзушылықтың алдын алу	Кеңес жиналыс	1-2 курс	Қазан, сәуір	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
4.2	Есепте тұрған студенттерді және отбасын, әлеуметтік жағдайын бақылау	Құқық бұзушылықтың алдын алу	АКТ тотыру, кеңес бері	1-4 курс	Қажеттілігі не қарай	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
4.3	Құқық бұзушылықты алдын алу бойынша жасөспірімдер инспекторымен бірлесіп кеңес өткізу	Құқық бұзушылықтың алдын алу	Жиналыс	1-4 курс	Қажеттілігі не қарай	Педагог-психолог, топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
4.4	«Зорлық-зомбылықтың алдын алу»	Студенттер арасында зорлық-зомбылыққа қарсы кеңес беру	Кеңес беру	1-4 курс	желтоқсан	Педагог-психолог топ жетекшілері, директордың тәрбие жөніндегі



		сабақтарын өткізу				орынбасары, ішкі істер бөлімінің мамандарымен бірлесе
V.	Ұйымдастыру жұмысы					
5.1	Семинарларға қатысып жоспар бойынша дөңгелек үстел өткізу ОМК психологтарымен	-		-	Жыл ішінде	Педагог-психолог
5.2	Конференция мен семинарларға қатысу	-		-	Жыл ішінде	Педагог-психолог

Колледж психологі:



Г.Б.Найманбаева